

**Павлодар облысы әкімдігінің жобасы бойынша екі кезеңдік
процедураларды қолданбай жеке әріптесті анықтау бойынша
конкурс өткізу туралы хабарландыру**

2016 жылғы 27 желтоқсанда Павлодар облысының әкімдігі, «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ тұлғасында, 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Иса Байзақов көшесі, 151/2, «Компьютерлік томограф орнатумен ШЖҚ «Павлодар қалалық №1 ауруханасы» КМК ғимаратының бөлмелерін қайта жаңарту және пайдалану» **жобасы бойынша екі кезеңдік процедураларды қолданбай** жеңілдетілген конкурстық процедураларды пайдаланумен жеке әріптесті анықтау бойынша конкурс өткізілетінін хабарлайды.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 32-бабында көрсетілген біліктілік талаптарына және жеке әріптесті таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға сәйкес келетін барлық әлеуетті қатысушылар қатыса алады.

Әлеуетті қатысушыларға қатысу және конкурс ұйымдастырушысына ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізбесі мен қойылатын талаптар конкурстық құжаттамада көрсетілген. Конкурстық құжаттама көшірмелерінің пакетін конкурс өткізу туралы осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап, сағат 9-00-ден 13-00 дейін және 14-30-дан 18-30 дейін, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Иса Байзақов көшесі, 151/2, 404 іс бөлме мекенжайы бойынша алуға болады.

Әлеуетті қатысушылар конверттерге салынған конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді, сонымен қатар біліктілік іріктеу үшін құжаттарды Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Иса Байзақов көшесі, 151/2, 404 іс бөлме мекенжайы бойынша «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-іне қолма-қол ұсынады.

Әлеуетті жеке әріптестің қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну мерхiмi – 2016 жылғы 16 қаңтарын қоса сағат 13.00 дейін.

Конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі – 2017 жылғы 27 ақпанда сағат 13.00 дейін. Конкурстық өтінімдерімен конверттерді ашу 2017 жылғы 27 ақпанда, Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Ак.Сәтбаев көшесі, 49 мекенжайы бойынша жүзеге асырылатын болады.

Анықтамалық ақпаратты «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-інен 8 (7182) 675298 телефоны бойынша, «Павлодар

облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ-інен 8 (7182) 324601 телефоны бойынша алуға болады.